

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

балабақша кешені



менгерушісі

Бердімбетова Ж.С.

АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Логикалық математика»

Балауса ерте жас топ

Тәрбиеші: Кудиярова Т. О.

Логикалық математика әлеміне саяхат.

Мақсаты: 1. Балалар тура және кері санауға, логикалық тапсырмалар, есептер шығаруға, ауызша есептеуге жаттықтыру.

2. Ұғымдарды дұрыс қолдануға, кеше, бүгін, ертең, қай күн болғандығын, болатының ажырата білуін, апта күндері, олардың саның сәйкестендіре білуге үйретеді.

3. Сызықтың түрлері, олардың ерекшеліктерін таба білуге, математикалық түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру.

4. Ойын арқылы жыл он екі ай туралы түсініктерін кеңейту.

5. Адамгершілікке, достыққа, тәртіпке тәрбиелеу.

Әдістер: Логикалық есептер, диктант, ойындар.

Көрнектілігі: Қима сандар, суреттер, қарындаштар, дидактикалық ойындар.

Іс-әрекет кезеңі.	Тәрбиешінің әрекеті.	Балалардың әрекеті.
Мотивациялық ой қозғау.	Амандасу рәсімі: -Әдептен озбай бүгінгі келген қонақтармен сәлемдесіп алайық балалар	Ал кәнеки бәріміз, Үлкенге де сіз, кішіге де сіз. Барша жұртты құрметтеп қарсы алып, Құшақ жая қарсы алып Сәлем бердік баршаға.
Ұйымдастыру кезеңі:	Балалар бүгін сендермен бірге математика әлеміне барамыз. Кәнеки айтыңдаршы математика сабағында біз не істейміз? Немен танысамыз? Ендеше тура және кері санап берейікші. Балалар қалай ойлайсындар дүниеде нені санауға болмайды? Ал жыл мезгілдерінің айларын санаймыз ба? Ендеше бір жылда неше ай бар? Атап беріндерші.	Санаймыз, есеп шығарамыз. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 Жаңбыр тамшысын, жауған қарды, ағаш жапырақтарын, құм топырағын. Ия санаймыз. Бір жылда 12 ай бар. Қаңтар, Ақпан, Наурыз, Сәуір, Мамыр, Маусым, Шілде, Тамыз, Қыркүйек, Қазан, Қараша, Желтоқсан.

Жақсы. Біз білеміз бір жылда төрт мезгіл бар екенің. Кәне

төрт мезгілді атап
беріндерші?
Осы әр мезгілде үш айдан
бар соларды атап
беріндерші?
Қыс айлары:
Көктем айлары:
Жаз айлары:
Күз айлары:
Жарайсындар балалар енді
екі топқа бөлініп
сабағымызды бастайық (Екі
топқа бөлінеді. 1 топ
суреттегі сандарды тауып
баяйды. 2 топ үстелдегі
тапсырмаларды орындауға
барады).

Қыс, Көктем, Жаз, Күз.

Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан.
Наурыз, Сәуір, Мамыр.
Маусым, Шілде, Тамыз.
Қыркүйек, Қазан, Қараша.

1 тапсырма.

Дидактикалық ойын:

«Апта күндерін ата».

-Бір аптада неше күн бар?

-Атап беріндерші.

Балабақшаға неше күн
барамыз?

Неше күн демаламыз?

Жақсы. Ал айтыңдаршы

бүгін аптаның қай күні?

Ал кеше аптаның қай күні
болды?

Ал ертең аптаның қай күні
болады?

Жарайсындар!

Бір аптада жеті күн бар.

Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі,
Бейсенбі, Жұма, Сенбі,
Жексенбі.

Балабақшаға бес күн барамыз.

Екі күн демаламыз.

Бүгін аптаның үшінші күні
Сәрсенбі.

Кеше аптаның екінші күні
Сейсенбі болды.

Ертең аптаның төртінші күні
Бейсенбі болады.

2 тапсырма.

«Ауызша есеп».

Енді балалар есеп

шығарайық.

$$5+2=7$$

1) Әсемде бар 5 кәмпит,

Әселде бар 2 кәмпит.

Қоссақ 5 пен 2-ні,

Қанша болар шешімі?

$$10-3=7$$

2) Кеше көл жағасында

Жиналды 10 үйрек

3-і ұйықтап қалыпты

Ұшып кетті неше үйрек?

$$6+4=10$$

3) Алма ағаш үстінде,

Он жағында 6 алма

Сол жағасында 4 алма

Алмаларды біз қоссақ

Нешеу болар барлығы?

$$10-5=5$$

4) 10-нан 5-ті алайық,

Қанша қалды санайық.

Қарайық та санайық,

Санайық та табайық.

3 тапсырма.

Диктант.

«Түзу, сынық сызықтар».

Әр баланың алдында

карточка беріледі. Мысалы:

Қоян үйге тез жету үшін қай

жолмен жүру керек тауып

алда соны қарындашпен

сызып жеткіз.

Жарайсындар! Әр бала неге

Осы жолды таңдадың деген

сұрақтар қойылады.

4 тапсырма.

Дидактикалық ойындар.

«Төлді тап».

Әл баланың алдында ақ қағазда есеп жазылған. Сол есепті шығарса мал төлін табады.

5 тапсырма.

«Тағылған санды тап».

Жарайсындар балалар! Енді орнымызбен ауысайық (тәрбиеші шылдырмақты сылдырлатып балалар орындарымен ауысады).

Жарайсындар балалар кәнеки бәріміз кілем үстіне барайық.
Рефлексия: «Доппен ойын».

Келген қонақтарымызға рахметімізді айтайық. Сау болыңыз дейік.